

*Келес ауданы Абай ауылы*  
*Тойбы Бегманова атындағы №8 жалпы орта мектебі*

2023-2024 оқу жылы



**Мына суретте Тойбы апамыздың немересі Феруза апайымыздың сандығында тұрған Ленин ордені**



**1953 жылы ашылған мектебіміз одан кейін  
2016 жылы жаңа мектепке көшіп келдік.**




## Ұстаздың өмірі мен қызметі

Тойбы Бегманова 1915 жылы қазіргі Келес ауданы Абай ауылында дүниеге келген.

Әкесі-Аман , шешесі – Тәжігүл қарапайым шаруа адамдары. 1930 жылы Ташкент қаласына қоныс аударады. Талапты , өте зерек жас қыз 15 жасында облыстық педагогикалық училищеге оқуға түсіп , 1931 жылы аяқтайды.

№23 балалар үйінде 10 жыл тәрбиеші болып, панасыз жетімдерге қамқорлық жасайды..

Балалар үйінде ашаршалық , қуғын-сүргін жылдарында Ташкентке босып келген қаншама қазақ балаларын ажал тырнағынан аман алып қалғанын , оларға өмірге жолдама бергенін,өрелі азаматтар тәрбиелеп шығарғанын тарих қойнауына терең үңілсек ,мұрағаттарды ерінбей ақтарсақ ,шежірелерді жинақтасақ көз жеткізер едік.




**1942 жылы туған жері Келес ауданына келеді. «Көлтоған» бастауыш мектебінде .**

**1947 жылы «Ленин жолы» (қазіргі О.Есимов) орта мектебінде қазақ тілі мен әдебиеті пәнінен сабақ береді.**

**1953 жылы Тойбы Бегманова апа жаңадан ашылған Чапаев атындағы мектепке директор болып тағайындалады.. Мектепті атына заты сай Келес ауданының ең үздік мектептерінің қатарына қосады.**

**Осынау еңбегінің арқасында Тойбы апаға 1957 жылы «Оқу-ағарту ісінің үздігі» медалімен марапаттады. 1960 жылы қажырлы еңбектері ескеріліп, Отанымыздың ең жоғары наградасы- «Ленин» орденімен марапатталады. Ғұмырының соңғы күндеріне дейін осы мектепте ұстаз болып, 1970 жылы 17 қыркүйекте дүниеден озды.**

**Қазақ елі тәуелсіздік алған соң, көп ұзамай Тойбы апаның еңбегін бағалаған шәкірттері 1994жылы өзі жұмыс істеген мектепке есімін береді.**



**Мерейлі ұстаздың жанұясы мен шәкірттері**  
**Тағылымы мол ұстаз Тойбы апамыз жолдасы Сәрсен**  
**Тәжібаевпен 1939 жылы отау құрады. 1940 жылы**  
**тұңғыш перзенті – Назира дүниеге келеді. Жолдасы 1941**  
**жылы соғысқа аттанып, майданнан қайтып оралмаған.**

**Тектіліктің текдары Назира анамыздың 4 ұлы**  
**әртүрлі салада қызмет атқарып келеді. Ал бір қызы**  
**Феруза апай өзінің нағашы әжесінің ізін**  
**жалғастырушысы №8 Т.Бегманова атындағы жалпы**  
**орта мектебінде қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі**  
**болып қызмет атқарып келеді.**





**Жанұясымен**



**Қызы  
Назира**



**Тойбы апаның қызы Назира апай отбасымен**



**Тойбы апаның шәкірттері Әбдез ата мен Тұрдалы ағай**



**Тойбы апамыз білім берген шәкірттері еліміздің түкпір-түкпірінде саналуан мамандықтар бойынша қызметтер атқарған. Өкініштісі олардын саны сиреп келеді. Тәрбие мен білім алған оқушылары :  
Өтешов Ташкенбай-запастағы майор; Өтегенов Уәли-зейнеткер, заң қызметкері және тағы басқалар .  
Өзінің ұстазын сағынышпен ,мақтанышпен айтатын Тұрдалы ағайымыз да өз ұстазының атындағы мектепте, яғни №8 Т.Бегманова атындағы жалпы орта мектебінде 40 жыл тарих пәнінен сабақ берді.Қазіргі таңда-зейнеткер.**



**Тойбы апамыз туралы баспасөз беттерінде мақалалар да санаулы сақталған.**

**Назира апайымыз “Анам Тойбы есімі ұрпақтан-ұрпаққа жалғаса береді “ мақаласында :**

**-Анамның жарқын бейнесін, мейірімді жүзін ,сыпайы даусын –«Қарағым», «Айналайын» деген керемет сөзін ұмытуға болмайды. Қарапайым өмір сүріп, ардақты ұстаз болған , мыңдаған шәкірттерге білім берген . Анам осындай «мандай тер, табан етімен » тынымсыз ғұмыр кешкен. Ол қастерлі халық мұғалімі.**

**Бұл мақаласы Аудандық «Сарыағаш» газетінде 2004 жылы жарық көрген.**

**Ұлы ұстаздың шәкірті Тұрдалы ағайымыздың 1995 жылыАудандық «Келес таңы» газетіндегі “Әрі ана, Әрі Ұстаз” мақаласынан:**

**Барлық ұстаз шәкірт есінде қала бермейді. Неліктен?Алайда , бала көңіліне мәңгі өшпес із қалдыратындары да бар. Сондай ұстаздардың бірі –Тойбы апам дер едім. Ол –әрі ана, әрі ұстаз болатын . «Балам», «қызым» деп еркелете сөйлейтін , жүрегінді елжіретіп жіберетін.**

**1970 жылы .Мүлде бала кезіміз. Тойбы апайдың көз жұмды деген суық хабар естігенде Сынып болып жыладық. Тойбы апайымыз арамыздан кеткенде мектепте суық боп көрінді.**



**Тойбы апамыздың 90 жастағы шәкірті Әбдез атамыздың әңгесінен:**  
**- Оқу құралдары өте тапшы кез. Бір кереметі – Тойбы апай көркем жазу дәптерін өзі қолдан жасайды екен де бізге « Бұл өздерің сияқты оқушының жазған дәптері» деп таныстыратын. Ал , біз болсақ оны көріп таң қалып , « Қайтсем менің жазуым әдемі болады», - деп бар ынта – күшімізді салар едік.**

**Бізді оқытқан жылдары Тойбы апай « Менің Қазақстаным» әнін жете үйретті. – деп сағынышпен еске алды.**


**Тойбы апамыздың немересі Феруза апайымыздан әжесі туралы сұрағанда :**

**Анам әжемізді бізге айтқанда ерекше махаббатпен сағынышпен айтатын еді.**

**...Әжелеріңнің есімі абзал қадір-қасиетімен ел есінде қалғаны жүрекке дауа, бойға қуат. Анам ерекше жан еді... Мен біреу болсам да ,енді сендер барсыңдар.**

**« Адам ұрпағымен мың жасайды» деген ғой.Енді сендерді көргенде анамды білетін ел-жұртымыз марқайып қалатындай боп өсіңдер,өніңдер-, деп отыратын...**

**Анам көптеген өлеңдер шығарды . Қазақ әдебиетінің ақын-жазушыларының шығармаларын үйге тауып әкеліп окитын . Бос уақыты болса менімен бірге оқыған кітабын талқылаудан жалықпайтын. Әдебиетке жаны құмар болды. Қазақтың ұлы ақыны Абайдың өлеңдерін, қарасөздерін де жатқа білетін.**



# ӨНІРІМІЗДЕГІ АЛҒАШҚЫ ЛЕНИН ОРДЕНДІ ҰСТАЗ



Ұстаз... Оңашада отырып ұстаз туралы ойға кетсем, көз алдымнан ақ жарқын мәңгізді, ақ жүректі, жылы жүзді ұстаз бейнесі көрініп, мені қиялға батырып, еріксіз нұрлы естеліктерге жетелей жөнеледі... Ұстаз бейнесі — шәкірт үшін адамгершіліктің ең жоғары үлгісі. Ұстаздың лаулаған жолына әр жүрекке жылу сепіп, нұр құятын қуаттың, өмірдің қайнар көзі. Тіршіліктегі шырақтың сөнбеген шығамы. Ұстаз азын бар күшін, бүкіл өмірін бала тәрбиесіне жұмсауға бел буған асыл жан.

Ұстаздар жалынды халқымыздың ұлы батыры Бауыржан Момысұлы "Ұстаздық — ұлы құрмет. Себебі, ұрпақтарды қотаз тәрбиелейді. Болшақтың басшысын да, данасын да, ғалымды да, еңбекжор егішисін де, кәсіпшісін де ұстаз өсіреді... Өмірге қыпқат берген аналарды қандай ардақтасак, сол ұрпақты тәрбиелететін ұстаздарды да сондай ардақтауға міндеттіміз" деген. Бала бойына ата-ананы кейінгі ақыл-ой, адамгершілік, әдептілік, ар-ұят, ұлттық сана-сезімді сіңіруші адам — Мүғалім. Еңдеше өз ісіне беріп, жаңалықты жатсынбай қабылдайтын, шәкіртінің жаңаның нұр құйып, өмірде өзі де бақытты болып, өзгелерді де бақытқа жеткізсем деп жүретін ұстаздардың жөні де, жолы да бөлек.

Ең алғаш мектеп табалдырығын аттап кірген сәтінде күлімдеп қарсы алған, қолымнан жетектеп партаға отырғызып, "Әліппе" кітабын ұстатқан, алғаш бірінші тәртіпке менің сүйемін ең бірінші ұстазым Тойбы Бегманова. Ол ешкімге қаспайтын еңбекжор, білімді, мейірімді, алтыннан да бағалы оллары, ақыл-көңесін беруге ардақпен дақын жан еді. Өз мамандығына деген шынайы етпелілік және өшканды дипломмен бірге берілмейтін шығармашылық қабілет, балаға деген қиынсыз адамгершілік қасиеттері бойына тиген шынайы ұстаз еді. Бәрімді өз баласындай көріп, ақыл атып, көп нәрселерді тәртіпке осы жанның орны мен үшін қашан да ерекше. Өмірде өз анайың кейінгі қадірің тағы бір адам болса, ол алғашқы ұстазың деп білемін.

Анамиздай болып өткен ауылы қотаз Тойбы апай 1915 жылы қазіргі Ошкаты ауыл ақимдігіне қарасты Еңбек өлді мекенінде қарапайым шаруа отбасында туылған. 1930 жылы оның отбасы Ташкент қаласына қоныс аударады. Мектепті бітірген Тойбы Ташкент шаһарындағы №23 балалар жетім тәрбиеші болып орналасады. Мейірімді, асқарқын, ибалы да ынабатты қазақ қызы қаншама уағым балаға қамқорлық жасап, интернатқа орналауына жардам беріп, өреннің біліммен осындап, үлкен өмірден өз орнын табуына ықпал етті.

1942 жылы Тойбы апай кіндік қаны тамған Көлес өңіріне оралып, "Келтоған" бастауыш мектебіне мұғалім болып орналасады. Білімді, өз жемісіне асқан жауапкершілігімен қарастып, ұйымдастырушылық қабілет мықты жас маман арада көп өтпей мектеп директоры етіп тағайындалады. 1947-1953 жылдары "Ленин жолы", 1953-1970 жылға дейін, яғни өмірінің соңына дейін "Чалпаев" орта мектебінің қызметін қысметін абыроймен атқарды. Тылда және соғыстан кейінгі қиындықтарға қарамастан өренге саналы тәрбие мен сапалы білім беру жолында аянбаған Тойбы Аманжолының өрен еңбек үкімет тарапынан ескерілді. "Оқу-ағарту ісін үлгі етіп жариялауға" деген мақсатпен "Ленин" орденімен мұғалім наградаталған алғашқы ұстаз-ана. Оның есімі өзі 15 жыл басшылық еткен "Чалпаев" мектебіне берілді. Бұл Тойбы Бегманова есімі ауылдастарының есінде мәңгілік сақталды деген сөз. Бұл оның туылғанына 101 жыл тоғды. Мұғалімдер кәсіп мерекесі қарсаңында осындағы қарсаңында "Чалпаев" орта мектебінің мұғалімдер жиналысына "Әрі шәкірттің өзі сүнген, жылдар бойы тәлім алған ұстазының ауылы бейнесі көңірге көрінген, жүрек түбінде сақталуы заңдылық. Себебі, ұстаз баланы адам қылып тәрбиелеп, күтімдеген, күтім деген, жүрегінде болашаққа мақсат қоя білуге сенім ұялатқан зор тұлға.

Құрметпен шәкірті Тұрдалы қажы МАМАТҚҰЛОВ, Тойбы Бегманова мектебінің мұғалімі.

\*ҚАЛДЫРҒАН ІЗІН МӘНГІЛІК...

## Әрі ана, әрі ұстаз еді

Барлық ұстаз шәкірт есінде қала бермейді. Неліктен? Аяғайда, бала көңіліне мәңгі ошпес із қалдыратындары да бар. Сондай ұстаздардың бірі—Тойбы апай дер едім. Ол—әрі ана, әрі ұстаз болатын. «Балам, қызым» деп еркете сөйлейтін, жүрегінді елжіретіп жіберетін.

1968 жыл. Мүлде соңи бала кезім. Бауды піскен өрпекті күлді деген, шашылып-төгіліп жатқандайлық ба, әлде, сөбіліктен бе, қадірін біле алмаймын ғой. Есте қалғаны, бірде ең өкмет, бізбен бірге тая-құлайдай төбесін жүретін қыз мектенке жыдан келді. Жүзі сынық, көзінде жас. Мүғалім басу айту орнына отыруға рұқсат берсе де екі мыңы селкілден жылай берді. Қайран қалған себебіміз, ол ешқашан бұлайша жылмайтын. Оқушылар арасында балаға таң анау-мынау ұрыссымақ бала қалса, көбіне қыздар жылан қалайтын. Сондайда тек сол қыз ғана жылмайтын. Мүғалім не болғанын сұрағанда, ол «Тойбы апай өз үстінде екен»,—деді өкісін баса алмай. Бәрміз де те тіс тыға қалдық. Артынан Тойбы апайдың көз жұмған хабары да жетті. Сынып болып жылдық, Өмір ұзақ болған соң олым барын білмейді екенсін. Тойбы апай арамиздан кеткенде мектенке суып та қалдық.

Оқу құралдары өте тазы кез. Алайдың оқуға мыңталандыру қабілеті жоғары еді. Бір кереметі—Тойбы апай көркем жазау дәптерін өзі қолдан жасайды екен де бізге «Бұл өздерің сынықты оқушының жазған дәптері» деп таныстыратын. Ал, біз болсақ оны көріп таң қалып, «Қайтсем менің жазуым әлгі өзімнің қатарласындай болады»,—деп бар ынта-күшімізді сарлар едім.

Бізді оқытқан төрт жыл бойы Тойбы апай «Менің Қазақстаным» оңш жете үйретті. Ондағысы баланы Отанды сүюге бағыттаған мақсаты болса керек.

Ақыл-парасаты жоғары адам ұлтында сұрамайды екен. Тойбы апай көбіне өзбек балаларын оқытты. Ол кезде мектепте өзбек бөлімі ашылмаған. Тіліміз кейде қазақшаға келіңкіре-мерген сөздерде де қатты созылып қалып, қайта бар баламы бауырдайып көріп, сабағын ынта-шынтамен түсіндіретін. Бар нәрің шәкірт бойына сіңіруге арнайтын. Тағы бір таң қалатыным, апай бала көңілін реңкілтеуге тырысатын. Алайдың аңғулаңы, қатты сөз айтқанын естіген де, көрген де емесін. Жүзінен аналық мейір, жылылық шырақтай төгіліп тұрушы еді.

Өзім де мүғалімнің. Сабақ беріп жатқанымда бір келеңсіз жағдай болды. Бір оқушы тәртіпсіздік көрсетіп, ұнамсыз қылық жасап отыр. Оқушылардың көңілі де бөлініп кетті. Оны сыныптан шығарып жібердім де сабағымды жалғастыра бердім. Оқушыны сабақтан шығарып жіберу—ұстаздық тәрбиенің әлсіздігі. Өзімді және басқа оқушыларды ойлап, сабақтың бөлініп кетуін ескеріп, шығарып жібердім. Бұл өте оңай жол еді. Ал, егер Тойбы апай болса ол былай істемейтін. Оқушыға мұндай нәздерде түсіндіру қабілеті бар еді.

Иә, мен оның соғы шәкірттерінің бірімін. Сол жылдары бастауыш сыныптарда оқын жүрген біздер ұстаз алайдың бар-сырын толық сезе алғанымыз жоқта шығар. Ұстаз өмірін зерттеу, оның тәсілін, ұстаздық жеке ерекшеліктерін үйрену, бағалау қазіргі ұрпаққа сын, соның үлесі. Тіпесі шәкірт, бүгінгі азамат тілегін мектеп ұжымындағы ұстаздар ескерер деп ойлаймын.

Тұрдалы МАМАТҚҰЛОВ,

аудармашы Мәслихат-Депутаттар жиналысының ұйымдастыру-хұқылық бөлімінің меңгерушісі.